

**«Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК –ның  
2023-2024 оқу жылындағы № 4-ші жоспардан тыс педагогикалық кеңесінің  
хаттамасы (көшірме)**

**Өткізілген уақыты:** 04 наурыз 2024 жыл

**Қатысқандар:** 24 педагог, медицина қызметкері, есепші, шаруашылық меңгеруші

**Күн тәртібінде:** «Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК  
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Ертлеуова Жумазия Сайлауовна сөз алып «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 2024 жылғы 20 ақпанда бекітілген «2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының тізімі» бойынша «Нұрлы болашақ» балабақшасы 2024 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестаттауға жататындығын атап өтті.

Мемлекеттік аттестаттау алдында **«Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК** өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу 2024 жылдың 04 науырызынан бастап 2024 жылдың 26 наурызына дейінгі аралықта өткізілетінін атап өтті.

Балабақша әдіскері Гусманова М.М Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар» таныстырды. Өзін-өзі бағалау барысында осы жоғарыда айтылған нормативті құжаттар басшылыққа алынады деді.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері келесі бағалау өлшемшарттары бойынша зерделеп, қорытындылар дайындайды:

1. Білім беру салаларының, ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.
3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік- кеңістіктік дамытушы орта құру
4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы
5. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.
6. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.
7. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру
8. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы
9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМТС 2 қосымшасына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.
11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:  
1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру

2)Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелерінің болуы және талдау

12.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1)Жас кезеңдерін сақтау және топтардың бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

2)Тәрбиеленушіні МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау. Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, дауыс беру барысында бірауыздан келісті.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мынадай құрамда комиссия ұсынылды.

- 1) Комиссия төрайымы - Ертлеуова Ж.С,Гусманова М.М – әдіскер;Уразгулова-Садуакасова Ж.М. – психолог;Каракулова Қ.Ж. – тәрбиеші , Турикпенов К.Т-есепші ,хатшысы: Туманчина . - тәрбиеші

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. «Нұрлы болашақ» балабақшасы" МКҚҚ өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу 04.03.2024 ж.- 26.03.2024 ж. аралығында жүргізілсін.

2-Комиссия құрамы бекітілсін::

- 1)Комиссия төрайымы - Ертлеуова Ж.С,балабақшасының меңгерушісі;
- 2) Гусманова М.М – әдіскер;
- 3) Уразгулова-Садуакасова Ж.М. – психолог;
- 4)Каракулова К.Ж-тәрбеші
- 5) Турикпенов К.Т- есепші Хатшысы: Туманчина . - тәрбиеші

-Комиссия мүшелері 14.03.2024 жылға дейін 3 оқу жылы ішінде жүргізілген жұмыстарды зерделеп, МЖББС –на сәйкестігі анықталсын.

-Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын 2024 жылдың 26 наурыз күні педагогикалық кеңесте қорытындыласын.

Педагогикалық кеңес төрайымы  
Хатшы



Ж.Ертлеуова  
А.Туманчина



**«Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК –ның  
2023-2024 оқу жылындағы № 5-ші жоспардан тыс педагогикалық кеңесінің  
хаттамасы (көшірме)**

**Өткізілген уақыты:** 14 наурыз 2024 жыл

**Қатысқандар:** 24 педагог, медицина қызметкері, есепші, шаруашылық меңгеруші

**Күн тәртібінде:** «Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК -ның  
**өзін-өзі бағалау қорытындысы.**

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Ертлеуова Ж.С. сөз алып мемлекеттік аттестаттау алдында «Нұрлы болашақ» балабақшасы МКҚК өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу 2024 жылдың 04 науырызынан бастап 2024 жылдың 26 наурызына дейін өткізілді.

Бағалау барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар» қолданылды.

Комиссия мүшесі (балабақша әдіскері) Гусманова М.М. бағалау өлшем шарттарының 1-қосымшасына сәйкес қорытындылады.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу жоспарлары, перспективалық жоспарлары, күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің бөліну кестелері, өтпелі тақырыптар мен циклограммалар МЖМБС талаптарына, ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» №557 бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес екендігін айтты.

Комиссия мүшесі (балабақша психологі) Уразгулова-Садуакасова Ж.М. сөз алып келесі бағалау өлшем шарттарының қорытындысын мәлімдеді. Барлық 8 топтың пәндік-кеңістіктік дамытушы орталары балаларға қол жетімді, жас ерекшеліктеріне сәйкес, денсаулықтарына қауіпсіз жасалғандығын айта отырып, жалпылама бағалап ортақ жақсы деген баға берді. Барлық топтың сағат сандары, апталық оқу жүктемелері сақталғандығын айтты.

Комиссия мүшесі (есепші) К.Турикпенов әдістемелік ұсынымның

1-қосымшаның 5 бөлімі бойынша балабақшаның материалдық базасының жағдайын, жабдықтар мен жиһаздардың жүк құжаттарының тізбесін және бухгалтерлік есептілік деректері туралы қорытындылады. Комиссия мүшесі К.Каракулова бағалау өлшем шарттарының келесі тармақшаларын қорытындылады. Балабақшада 24 педагог бар. Олар: меңгеруші -1, әдіскер -1 («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар). Арнаулы мамандар - 6 педагог (муз жетекшілері -2, дене шынықтыру нұсқаушылары-1, психолог-1, логопед-1, хореограф-1). Сонымен қатар балабақшада 16 тәрбиеші балалармен жұмыс жасайды. Олардың барлығының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар. Зерделеу барысында 2 вакансия (орыс тілі, ағылшын тілі бос жұмыс орны) бар екендігі анықталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМТС 2 қосымшасына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды анықтау үшін балалардың даму мониторингісі, баланың даму картасы толтырылған, жиынтық есебі жасалған, бағаланған 3 оқу жылының құжаттары түгел, сәйкес келеді. Сонымен қатар әр топта жас кезеңдерін сақталған және топтардың бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақталғанын мәлімдеді.

Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасының нәтижесі бойынша балабақшасы 2024 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестациядан өту үшін білім беру ұйымындағы педагогтардың және ата-аналары арасындағы білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін айқындау үшін онлайн форматта сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде «мәртебесіне сай» деген бағаға ие болды.

**Ұсыныстар:**

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.

**Қорытынды:**

1. «Нұрлы болашақ» балабақшасы 04.03.2024 жылғы «Нұрлы болашақ» балабақшасы қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «үлгілі» деңгейде деп есептелсін.
2. Өзін-өзі бағалау материалдарды балабақшаның интернет-ресурсына (сайт) орналастырылсын және сілтемесі 01.04.2024 ж. дейін ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне» ұсынылсын.
3. Балабақшаның басшысы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің және мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

№ «Нұрлы болашақ» балабақшасы" МКҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысы жақсы деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы  
Хатшы



Ж.Ертлеова  
А.Туманчина